

Жеке күзет ұйымдарының қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталығын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 қарашадағы № 1126 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 282 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 06.05.2016 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда- ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 (2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Занына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы «Динамо» ДСҚ күзетшілер даярлау жөніндегі мамандандырылған оқу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымындағы қызметкерлерді даярлау мен біліктілігін арттыруды (арнайы оқыту курсы) жүзеге асыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының бірі ретінде белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақты жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 751 (2012.01.22 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*